СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ШАЛ АҚЫН АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ «КЕҢЕС ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КЕНЕСОВСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА ШАЛ АКЫНА» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО -КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

151307, Кеңес а. Достық к.6
тел.: (71534) 51490

151307, с.Кенес, ул.Достык, 6
тел.: (71534) 51490

2026 жыл 31 тамыз **№ 63**

2026-2027 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларына, жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы №144-НҚ бұйрығына сәйкес, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оларды ойдағыдай тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау, психологиялық саулық пен кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ «Кеңес орта мектебі» КММ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі – ППҚҚ) құрылсын.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Жақсылық Индира Серікқызына жүктелсін.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы бекітілсін:

1. Директордың ТІ жөніндегі орынбасары – Жақсылық Индира Серікқызы
2. директордың ОІ жөніндегі орынбасары – Нурмаганбетова Акнур Макенова
3. әдіскер-Бигужина Гульмира Каирлиевна
4. педагог-психолог -Мухамедина Куаныш Маратовна
5. әлуметтік педагог- Кенжалина Мольдир Серикбаевна
6. кәсіптік бағдар беруші педагогы- Бигужина Толкын
7. педагог-асстстент – Кенжалина Алтын Мерекеевна
8. педагог-ассистент – Амангелді Айғаным Нұрымқызы

2. **Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің үйлестірушісіне:**

2.1. білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенділігі, дәйектілігі, кезеңділігі және үздіксіздігі қағидаттарын сақтай отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын қамтамасыз етсін;

2.2. 2026-2027 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспарын **2026 жылғы 1 қыркүйекке** дейінгі мерзімде әзірлеуді қамтамасыз етсін және бекітуге ұсынсын;

2.3. осы бұйрықтың нөмірі мен шығарылған күнін белгіленген тәртіппен Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰБДҚ) енгізілсін.

2.4. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысы жоспарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын көрсетуді қамтамасыз етсін;

2.5. қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарымен, құқық қорғау органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етсін;

2.6. психоэмоционалдық, мінез-құлық және психоәлеуметтік проблемалар, дағдарыстық жағдайларды, оның ішінде кешенді психологиялық көмекті талап ететін аутодеструктивті мінез-құлыққа, зорлық-зомбылыққа және жәбірленуге (буллингке) байланысты жағдайлар анықталған кезде білім алушыны және оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілін Қағидаларға сәйкес Психологиялық қолдау орталығына, кейіннен Психологиялық қолдау орталығының ұсынымдарын ескере отырып, білім алушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жалғастыра отырып, жіберуді қамтамасыз етсін;

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына:

3.1. білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырсын;

3.2. лауазымдық міндеттері мен құзыреті шегінде кәсіби қызметті жүзеге асырсын;

3.3. білім алушылармен, ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен, оқытушылармен, педагогтермен, өндірістік оқыту шеберлерімен, сынып жетекшілерімен (топ жетекшілерімен) және білім беру процесінің басқа да қатысушыларымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етсін;

3.4. білім алушыларды тәрбиелеудегі, оқытудағы және дамытудағы қиындықтарды дер кезінде анықтауды, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажетті нысандарын айқындауды қамтамасыз етсін;

3.5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасын жүргізуді қамтамасыз етсін;

3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіби қызмет барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етсін.

4. Педагог-психологқа:

4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің жазбаша келісімі болған кезде білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен психологиялық диагностика, кеңестер және тренингтер (топтық, жеке) өткізуді қамтамасыз етсін;

4.2. психологиялық диагностика, кеңестер және тренингтер (топтық, жеке) өткізгенге дейін ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің жазбаша келісімін 2026 жылғы 4 қыркүйекке дейінгі мерзімде ресімдеуді және сақтауды қамтамасыз етсін;

5. Кадр қызметінің маманына:

5.1. осы бұйрықпен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мүшелерін қол қою арқылы таныстырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор: **Абденкина Н.Б.**

Бұйрықпен таныстым:

Нурмаганбетова А.М
Амангелді А.Н
Бигужина Г.К
Мухамедина К.М
Жақсылық И.С
Кенжалина А.М
Бигужина Т
Кенжалина М.С